

References

- 1 Chernilovsky Z.M. *State and law*, 1992, 6. p. 142–151.
- 2 Baimakhanov M.T. *The problem of statism*, Almaty: Adilet, 2001, 312 p.
- 3 *Search*, 2013, 2. p. 123–129.
- 4 Matyuhin A. *State in the field of law: an institutional approach*, Almaty: Adilet, 2000, 256 p.
- 5 Belgibayev C. *The development of civil society in Kazakhstan*, Politics, 2002, 1, p. 45–49.
- 6 Marchenko M.N. *Theory of State and Law: the textbook*, Edit. 2nd, revised. and add, Moscow: Prospect, 2011, 637 p.
- 7 Lazarev V.V., Lipen S.V. *Theory of State and Law*, Moscow: Yurist, 2006, 592 p.
- 8 Mamut L.B. *Social Sciences and Modernity*, 2002, 5, p. 94–97.
- 9 Chirkin V.Ye. *The Modern State*, Moscow: Mezhdunarodnye otnosheniya, 2001, 416 p.

ӘОЖ 342.9 (574)

Б.О.Алтынбасов

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана
(E-mail: altynbasov@yandex.ru)*

Қазақстан Республикасында ақылы білім берудің ұйымдастырушылық-құқықтық мәселелері

Мақалада Қазақстан Республикасының білім жүйесіне сипаттама беріліп, түрлі деңгейде білім берудің ерекшеліктері қарастырылған. Ақылы білімнің мемлекет пен қоғам үшін пайдасы мен зияны көрсетілген. Ақылы білімнің дамуына салыстырмалы талдау жасалған. Ақылы білімнің ұлттық адами капиталды қалыптастырудағы рөлі айқындалған. Қоғам мен мемлекеттің элитасы және адами әлеует мәселелері зерттелген. Ақылы білім беру қолданыстағы заңнамада қаншалықты бекітілген және қандай заңнамалық олқылықтар бар екендігі айтылған. Зерттеу нәтижелері бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар жасалған.

Кілт сөздер: білім жүйесі, ақылы білім беру, қолданыстағы заңнама, адами капитал, элита.

Егер дін көңілің өзге нәрседі болса, білім-ғылымды бір-ақ соған себеі қана қылмақ үшін үйренсең, ондай білімге көңіліңнің мейірімі асырап алған шешеннің мейірімі секілді болады. Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі.

Абай. «Отыз екінші қара сөз.»

Ақылы білім беру бүгінде қоғамда қалыпты жағдайға айналып, ақылы түрде жоғары және орта кәсіби білім беру, тіпті ақылы түрде орта міндетті білім мен мектепке дейінгі тәрбие беру кең етек алуда. Әрине, өз азаматтарының қаржылық жағдайына қарай барлық деңгейде білім алуын қамтамасыз етіп, тиісті мамандық алып, кәсіп иесі болсын деген мемлекеттің бұл саясатында еш кінә жоқ. Бұл демократиялық мемлекетте көрініс табатын жағымды құбылыс деуге болады.

Алайда ақылы білім беру мәселесіне тереңірек үңіліп қарайтын болсақ, ол өз кезегінде қоғамда әлеуметтік теңсіздік, сапасыз білім беру мен қажетсіз маман дайындау, мемлекет және қоғамның интеллектуалдық элитасының заман талабына сай емес деңгейде қалыптасуы іспетті бірқатар мәселелерге негіз болып отырғанын байқаймыз. Ақылы білімді сырттай нысанда бітірген түлектердің саны бүгінде жүз мыңдап санауға келеді. Нәтижесінде, алған дипломының мамандығы бойынша жұмыс істей алмай жүрген адамдардың саны жеткілікті. Ең қауіптісі, аталған азаматтар тиісті дипломы болғандықтан, қоғам мен мемлекеттің элитасына жаппай шоғырлануда. Бұл мәселе кез

келген салада кездеседі және басқаруда жұмыс істеп жүрген азаматтарға әбден белгілі. Осы және басқа да мәселелер зерттеу тақырыбын өзекті етіп отыр.

«Осы мәселе отандық ғылымда қаншалықты зерттелген?» деген сұраққа жауап беріп көрелік. Заң ғылымында ақылы білім беру мәселесіне қатысты кешенді ғылыми жұмыстар мүлдем жүргізілмеген. Осыдан он жылдан астам уақыт алдын бұл мәселеге қатысты профессор С.Ф. Ударцев біраз мақалалар жазып, зерттеулер жүргізгені бар. Өкінішке орай, зерттеу жұмыстары жалғасын таппады. Әрине, кеңестік заманда білім саласын құқықтық тұрғыдан зерттеген белді ғалымдар болды, олар: академик Ғ. Сапарғалиев, профессор А.А. Таранов және тағы басқалар. Алайда кеңестік заманда ақылы білім беру мүлдем болған емес және бұл мәселе ғалымдардың зерттеу пәнінен тыс қалды. Басқа заңгер-ғалымдар жанама түрде өз еңбектерінде жазғандары кездеседі, бірақ жоғарыда аталған мәселелердің жауабы берілген емес.

Ақылы білім беру мәселесін талқылаудан бұрын, бұл мәселенің білімнің түрлі деңгейінде түрлі сипатта көрініс табатынын, оған ықпал ететін факторлардың өзгешелігін және мемлекет пен қоғам үшін түрлі салдар туғызатынын айтқанымыз жөн. Осы тұрғыдан қарағанда, ақылы білім беру мәселесін зерттеуде мектепке дейінгі тәрбие мен білім беруді, орта міндетті білім беруді, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жеке-жеке қарастырғанымыз орынды.

Біріншіден, мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру саласында ақылы қызмет көрсетуге тоқталайық. Мектепке дейінгі тәрбие беру мекемелерінің жетіспеуі және еліміздің жүз мыңдаған бүлдіршіндері тиісті тәрбие алмай жатқандығы баршаға мәлім. Елімізде адам саны кеңестік кезеңмен салыстырғанда айтарлықтай көбейген жоқ. «Тәрбие мекемелері неге жетіспейді?», «Олар қайда кетті?» деген сұрақтарға жауап беріп көрелік.

Мәселенің өршіуіне бірқатар факторлар негіз болды және мұның тамыры тереңде жатыр десек, қателеспейміз. Ең алдымен, мектепке дейінгі тәрбиенің құқықтық негізінің әлсіздігінде. Еліміздің Ата Заңында бала тәрбиелеуге қатысты не айтылғандығына тоқталып кетейік. Егер іс жүзіндегі Конституцияның 30-бабында мектепке дейінгі тәрбие және білім беру жөнінде мүлдем айтылмаған болса немесе Конституцияның 27-бабында ана мен баланың құқықтары мемлекет тарапынан кепіл етілетіндігі туралы ашып айтылмаған болса [1], 1936 жылғы 5 желтоқсанда қабылданған КСРО Конституциясының 121-бабында халықтың барлығына білім алудың барлық деңгейінде тегін білім алуына мемлекетпен кепілдік берілетіні туралы бекітілген. Сол Конституцияның 122-бабында ана мен баланың мемлекетпен ерекше қорғалатыны, тиісті көлемде перзентханалармен, бала-бақшалармен қамтамасыз етілетіні туралы айтылған. 1977 жылғы 7 қазанда қабылданған КСРО Конституциясының 53-бабында былай делінген: «Мемлекет балаларға арналған мекемелердің желісін жасау және дамыту, тұрмыстық қызмет пен қоғамдық тамақтануды ұйымдастыру және жетілдіру, жәрдемақы төлеу және өзге де көмек көрсету арқылы отбасына қамқорлық жасайды...» [2]. Яғни, Конституция мемлекет атынан нақты кепілдіктер беріп отыр және ол анық айтылған. Бала мен ана құқықтарының Кеңес Одағы кезінде жан-жақты қорғалып, қамтамасыз етілуі сол кездегі КСРО Конституциясымен тікелей көзделгенінің нәтижесі деп айтуға болады.

Ал енді Қазақстан Республикасы Конституциясында баланың құқықтары қаншалықты көрініс тапқан дейтін болсақ, ол, өкінішке орай, мәз емес. Қазақстан Республикасы Конституциясының 27-бабында «Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу — ата-ананың етене құқығы әрі міндеті. Кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті» деген нормалар көрініс тапқан. Көріп отырғанымыздай, бұл баптың нормалары формалды сипатқа ие, олардың құқықтық мәні жоқ десе де болады, яғни конституциялық норма емес, жай моралдық нормаға ұқсайды. Мұндай құқықтық норманың бүкіл заңнамалық базаға бастама болуына жағдайы жоқ екендігі анық көрініп отыр. Яғни, бұл бапта ана мен баланың мемлекетпен ерекше қорғалатындығы, баланың тәрбие және оқу орнымен қамтамасыз етілетіндігі туралы мүлдем айтылмаған. Мәселенің негізі осы жерде жатыр, яғни Қазақстан Республикасы Конституциясы бала мен ананың құқықтарын қорғау туралы кепілдік бермесе, ол, әрине, басқа заңдар мен заңға сәйкес актілерде көрініс таппайды. Конституцияның нормалары іс жүзінде тірі нормалар болуы қажет, оның ережелері мемлекеттің Негізгі Заңының нормаларына тән белгілерге ие болып, мемлекет пен қоғам мүддесі үшін, басқа заңдар мен заңға сәйкес актілерге қажетті бастама бере алатындай сипатқа ие болуы қажет.

Теориялық және тәжірибелік тұрғыдан қарайтын болсақ, қолданыстағы заңдар конституцияға сәйкестігі бойынша толыққанды тексерілуі тиіс. Көріп отырғанымыздай, азаматтардың мектепке дейінгі тәрбие алу құқығы Конституцияның 30-бабында бекітілмеген және соның салдарынан біздің

заңдар мен заңға сәйкес актілердегі мектепке дейінгі тәрбие беру мәселелерін реттейтін нормалар жүзеге асырылмай отыр.

Кенес Одағының конституциялары қоғамның төменгі табын, яғни еңбекшілер мен жұмысшыларды, ерекше қорғауға алды, оларға артықшылықтар беріп, білім алуына мүмкіндік жасап, жан-жақты жағдай жасады. Ал қазіргі қолданыстағы Конституция адам құқықтарын тең етіп, жеке меншік пен мемлекеттік меншікті теңдей қорғалады деген ұранмен, мемлекеттік меншіктің басым көпшілігінен айырылып, қоғамның тек бір бөлігіне ғана жағдай жасауда. Мемлекет және құқық теориясы ғылым тұрғысынан мұны өтпелі кезеңнің құбылыстары ретінде түсіндіруге болады. Мұндай жүйесіз жекешелендірудің негізінде мемлекеттік мүлікті талан-таражға салу құбылысы ТМД елдерінің көпшілігінде орын алды. Осындай өтпелі кезеңнің жағымсыз салдарынан балаларға арналған білім және мәдениет орталықтарының ғимараттары жеке меншікке айналып, мақсатсыз пайдалануға беріліп кетті. Мысалы, 90-жылдардың соңына дейін мемлекеттік бала-бақшалардың 87 пайызы жекешелендіріліп, жойылып кетіпті. Осының нәтижесінде қазіргі кезде бала-бақша мекемелерімен қамтамасыз ету күн тәртібіндегі мәселеге айналып, шешімін таппай отыр.

Соңғы кезде бала-бақша мәселесін шұғыл арада шешу қажет деген нұсқау Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауларында, Үкіметтің бағдарламаларында көрініс тапқаннан кейін бұл мәселені шешуде алға жылжулар байқалады. Бүгінгі таңда жоғарыда аталған жекешелендіру кезінде сатылып кеткен бұрынғы бала-бақшалардың ғимараттарын өз мақсатында пайдалану үшін қайта қалпына келтіру процесі жүргізілуде. Әрине, мемлекеттің меншігінде қалған, бірақ басқа ведомстволардың қарамағында болған ғимараттар туралы айтылып отыр.

Дегенмен, Қазақстан өзінің табиғи байлығының арқасында жиырма жылдың ішінде экономикасын қалпына келтіріп, еңсесін көтеріп алды. Мемлекеттік бағдарламаны орындау мақсатында жүздеген жаңа бала-бақшалар салынып, бұл салада біраз алға жылжулар байқалады. Бірақ сонда да, әлі күнге дейін бала-бақшамен қамтамасыз ету мәселесі күн тәртібінен түсер емес. Еліміздегі бала-бақшамен қамтамасыз ету мәселесін шешу мақсатында ақылы түрде тәрбие беру қызметі енгізілді. Әдетте мұндай тәрбие беру мекемелері жеке меншікте және қарапайым халық үшін қымбат болып табылады. Бала-бақшаның бір айлық ақысы қарапайым жұмыскердің айлық жалақысымен пара-пар. Қоғамның элитасына арналған кейбір ақылы бала-бақшалардың айлық ақысы тіпті орта буындағы халықтың да қалтасы көтермейді. Әрине, ақылы түрде баласын тәрбиелетіп отырған азаматтарға төлем ақысының жартысын мемлекет қаржыландыру жағдайы да кездеседі. Бірақ ол қатынастарды реттейтін заңға сәйкес актілердің олқылықтары мен кемшіліктері қарапайым халықтың баласын тәрбие мекемелерінде орынмен қамтамасыз етуге мүмкіндік туғызбай отыр.

Ақылы мектепке дейінгі тәрбие берудің негізінде, яғни кімнің баласы қандай бала-бақшаға баратындығы арқылы, қоғамда белгілі бір деңгейде әлеуметтік тапқа бөлінуді байқауға болады. Демократиялық қоғамда тапқа бөліну кездеспейді деп қанша ұрандатқанымызбен, ақиқатқа көзді ашып қараған жөн. Әлеуметтік теңсіздікте оқу бітіріп, жұмысқа кіре алмай жүргенде көрген бір бөлек, ал бесіктен белі шықпай жатып бай-кедей дегенді көру бала үшін ауыр тиетіні анық. Мейлі ата-анасының жағдайы нашар, тіпті маскүнем болсын, бірақ баланың құқықтары бұзылмауы қажет. Баланың туыла салып ата-анасы үшін өмірден таяқ жегені әділдікке жатпайды. Дәл осындай әлеуметтік жағдайды шешу үшін мемлекет деген саяси ұйым құрылған. Ж.-Ж. Руссо, Т. Гоббс сияқты ғұламалар айтып кеткен мемлекет. Мемлекет адамның жастайынан өмірдің әділетсіздігін көрмеуі үшін осындай мәселенің алдын алып, тиісті шара қолдануы тиіс. «Өзінің басты функцияларының бірін атқара алмаған мемлекеттен қандай үміт күтесін?» деген сұрақ туындайды.

Бұл мәселе келешекте шешімін табады, қазір мемлекеттің бюджеті көтермейді деген сылтаулар біздің ел үшін кешірім етпейтін жағдай. Бала тәрбиелеу адами капиталды қалыптастырудың ең бірінші және маңызды сатысы екендігін ұмытпаған жөн. Бұл жерде бізге жапон елінің тәжірибесін алсақ, жаман болмас еді. Бүгінде адами капиталды қалыптастыру мәселесі дамыған және дамушы елдердің барлығында дүниежүзілік деңгейде өзекті болып отыр. Себебі экономист-ғалымдар заман талабына сай адами капиталсыз мемлекетте ешбір алға жылжу болмайтындығын дәлелдеп қойды. Бұл мәселеге қатысты Нобель сыйлығының лауреаттары Саймон Кузнец, Гэри Беккер және Теодор Шульцтың еңбектерінде ашық айтылған. Саймон Кузнец ғылыми-техникалық прогресс болу үшін елде қажетті адами капиталдың қоры болуы тиіс, онсыз экономиканың келесі технологиялық деңгейіне өтуге мүмкіндігі жоқ деген екен. Бүгінгі таңда дамушы елдердің ішінен Сингапур, Гонконг, Тайвань және Оңтүстік Корея сияқты елдерге ғана дамыған елдердің қатарына енуге мүмкіндік туды. Мамандардың пікірінше, болашақта дамушы елдердің 5 % ғана дамыған елдердің қатарына енуі

мүмкін. Өзге дамушы елдердің мұндай мүмкіндігі жоқ [3]. Яғни, дамыған 30 елдің қатарына ену үшін бізге аталған 5 %-дың ішінде болуымыз керек. Ол деген үлкен бәсекелестікті, нақтырақ айтқанда, адами әлеует бәсекесін аңғартып отыр.

2007 жылғы 27 шілдеде қабылданған Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 3-бабында білім саласындағы мемлекеттің саясатының қағидаларының бірі ретінде халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімдік және оқыту мен тәрбиенің бірлігі бекітілген. Осы баптың нормалары формалды сипатты иеленіп, іс жүзінде жұмыс істемей тұр.

Мектеп жасына дейінгі балалардың дұрыс тәрбие алуы, олардың ақыл-ойы мен денсаулығының тиісінше жетілуі—қоғам мен мемлекеттің маңызды мәселелерінің бірі. Сондықтан да балаларды балабақшамен қамтамасыз ету мәселесін заңдастыру қажеттігі туындап отыр. Қазақстан Республикасы Конституциясына өзгерту енгізуге мүмкіндік болмаған жағдайдың өзінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңына «мектеп жасына дейінгі балаларды тұрғылықты жері бойынша мектепке дейінгі тәрбие және оқу мекемесімен міндетті түрде қамтамасыз ету қажеттігі» туралы толықтыру енгізу қажет. Заңға мұндай толықтыру енгізілмейінше, бұл мәселе шешіледі деу қиын.

Бала — тәуелсіз еліміздің болашақ азаматы. Оны дұрыс тәрбиелеп, білім беру — бүгінгі ұрпақтың борышы. Қазақта «баланы жастан» деген қанатты сөз бар, яғни ертең кеш болып қалмау үшін балаға жас кезінде тиісінше тәрбие беріп, білім алу үшін мықты іргетасын қалау қажет.

Орта міндетті білім туралы сөз қозғасақ, жағдайдың сәл болса да жақсы екендігін байқаймыз. Қазақстан Республикасы Конституциясының 30-бабында келесідей ережелер көрініс тапқан: «Азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік беріледі. Орта білім алу міндетті» [1]. Қазақстан Республикасы Конституциясының 30-бабында бекітілген ережелер БҰҰ шеңберінде қабылданған 1948 жылғы «Адам құқықтары жөніндегі жалпы декларацияға», 1966 жылғы «Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге» және басқа да халықаралық актілерге сай келеді. Ол дегеніміз орта білім саласындағы Республикасы Конституциясының құқықтық нормалары халықаралық стандарттарға сай етіп жасалғандығын және демократиялық өркениетті ел екендігін білдіреді.

Ақылы орта білім туралы Қазақстан Республикасы Конституциясының 30-бабында және 2007 жылғы 27 шілдеде қабылданған Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында да айтылмаған. Бұл заңдағы олқылық ақылы орта білім беруге жанама түрде рұқсат беруді білдіреді. Осының нәтижесінде елімізде орта білім беретін «Хэйлибери», «Мирас» іспетті элитаға арналған ақылы орта мектептер пайда болды. Бұл мектептерде сабақтар ағылшын тілінде өткізіліп, білімнің сапасына деген талап өте жоғары. «Хэйлибери» мектебі — әлемге танымал мектептің филиалы. Ол мектептің ұстанатын саясатының бірінші қағидасы — сапалы білім беру. Себебі олар өздерінің беделін жоғалтпауға тырысады. Әрине, тиісінше жылдық төлемақысы да өте жоғары, шамамен 30-40 мың АҚШ долл. құрайды.

Елімізде халықаралық білім сапасына сай келетін білім беретін мектептердің болғаны абзал, бірақ оның тек қоғам мен мемлекеттің элитасына ғана қолжетімді екендігі өкінішті жағдай. Бұл оқу орнын тәмамдаған түлектердің, жай мектептердің түлектеріне қарағанда, айырмашылығы жер мен көктей десек, қателеспейміз. Ата-анасының қамқорлығымен сапалы ақылы мектепті бітірген түлектердің жақсы жоғары оқу орнына түсуге мүмкіндігі көп. Олар шетелдің танымал жоғары оқу орындарынан білім алады. Әрине, келешекте дәл осы балалар мемлекеттің элитасын қалыптастыратыны анық. Ал Конституциямен кепілдік берілген тегін орта білімді алған балалар еліміздің жоғары оқу орындарына түсіп, оны бітіріп, сол төменгі және орта буында қала береді. Тіпті мектепті «Алтын белгімен», ал ұлттық университетті «үздік дипломмен» бітірсе де, жұмыс іздеуге мәжбүр болып, мамандығы бойынша жұмыс істей алмай күн кешеді. Бұл ақиқат және оны біз жоққа шығара алмаймыз. Мұнда біз немістің философы Шиллердің: «Ақиқатты мойындамасаң, ақиқаттың түгі кетпейді, одан қоғамның өзі опық жейді», — деген сөздерін ұмытпағанымыз жөн.

Мұнда келесідей сұрақтар туындайды: «Неге қазақтың қарапайым халқынан шыққан дарынды балалары өзінің біліміне сәйкес жоғары қызметке орналаса алмайды?», «Неге шенеуніктердің балалары олар кеткенде олардың лауазымын басуы керек?», «Біз демократиялық және құқықтық мемлекетте өмір сүріп жатқан тең құқылы азаматтар емеспіз бе?», «Ақиқат пен әділдіктің ұштасатын тұсы қайда?»

Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабында «Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар

бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды» деп жария етілген. «Ал енді өзінің ата-анасының әлеуметтік жағдайы нашар екендігінде баланың кінәсі не?», «Неге ол өмірдің әлеуметтік әділетсіздігін бала кезінен бастап көруі керек?», «Неге ол жалпы орта мектептерден сапасыз білім алып, сапасыз жоғары білім беретін аймақтардағы оқу орындарында оқуы қажет?», «Әлеуметтік әділдікті орнатушы мемлекет қайда?» деген сұрақтар туындайды.

Әрине, Назарбаев интеллектуалдық мектептер ашылып, қазақтың қарапайым балаларына жарыққа шығуға үлкен мүмкіндіктер туды. Бұл да Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың көрегендігі мен даналығының арқасы десек, қателеспейміз. Дәл осы балалар — еліміздің болашағын жасайтын азаматтар. Бірақ бұл игі бастаманың әлі де мемлекеттен зор қолдау қажет ететіндігін ұмытпаған жөн. Себебі, статистикалық мәліметтер көрсетіп отырғандай, бұл мектептердің түлектері әлі де, Қазақ-түрік лицейінің түлектеріне қарағанда, әлсіздеу болып отыр.

Айтылған мәселелер тұрғысынан қарағанда, элитаға арналған ақылы орта білімнің жағымсыз тұстары байқалады. Аталған сұрақтар қарапайым халықтың әрбірінің көкірегін кернеп жүр десек, қателеспейміз. Сондай-ақ бұл жағдай халықтың мемлекеттік билікке деген сенімсіздігін оятып, нигилистік көзқарастардың туындауына әкеп соғады.

Бұл мәселеден шығудың бір ғана жолы бар. Ол барлық ақылы білім беретін орта мектептерге мемлекет тарапынан нақты талап қою қажет, яғни қанша баланы ақылы түрде оқытса, сонша баланы тегін оқыту туралы шарт қою жайлы. Егер мемлекет мұндай талап қоюға белгілі бір себептермен дәрменсіз болса, мемлекет қаражатынан дарынды балалардың төлемақысын жауып отыру қажет. Ең бастысы, бұл жағдайды қатаң бақылауға алып, оқуға қабылдау туралы ережелерін жария түрде, ашық өткізу керек. Осы жағдайда ғана әлеуметтік әділдік орнап, халық арасында мемлекеттің саясатына деген мін болмайды. Қазіргідей тұрақсыз заманда ел ішіндегі тұрақтылыққа және мемлекеттік саясатқа сенімсіздік мәселесіне аса мұқияттылықпен қараған жөн.

Ақылы білімнің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі мәселелері өте өзекті және үлкен пікірталастар тудыруда. Құқықтық тұрғыдан қарағанда ақылы жоғары білім берудің олқылықтарын тікелей Қазақстан Республикасы Конституциясының 30-бабынан байқауға болады. Ол бапта келесідей ереже көрініс тапқан: «Азаматтың мемлекеттік жоғары оқу орнында конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқығы бар. Жеке меншік оқу орындарында ақылы білім алу заңмен белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша жүзеге асырылады. Мемлекет білім берудің жалпыға міндетті стандарттарын белгілейді. Кез келген оқу орнының қызметі осы стандарттарға сай келуі керек».

Шынайы өмірде болып жатқан жағдай бұл нормаға қарама-қайшы келеді. Себебі ұлттық және мемлекеттік жоғары оқу орындарында студенттер мен магистранттар ақылы түрде білім алуда. Тіпті ақылы түрде оқитын балалардың саны грантта оқитындардың санынан анағұрлым басым болып келеді. Ал енді жеке меншік оқу орындарында мемлекеттік грант арқылы білім алатын адамдардың да саны аз емес. Тіпті кейбір мамандықтар бойынша грант арқылы дайындалатын студенттердің санын толығымен жекелеген жеке меншік оқу орындарына берген екен деген жағдайлар да кездеседі.

1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясына осы уақытқа дейін үш мәрте өзгертулер мен толықтырулар енгізіліпті. Ал 30-баптағы ақиқатқа сай келмейтін норма әлі де өзгертін емес. Бұл жағдай елімізде білім саласындағы заңнаманы зерттейтін бірде-бір ғылыми орталық жоқтығының тағы бір дәлелі. Мәселен, қолданыстағы заңнамаға, соның ішінде білім саласындағы заңнамаға мониторинг жасап отыратын орган ретінде Әділет министрлігі немесе оның жанындағы Заңнама институты танылады. Бірақ, өкінішке орай, ол жерде білім саласындағы заңнаманың мәселелерімен айналысатын ғалымдар мен сарапшылар жоқ. Білім және ғылым министрлігінде де заңнаманы мониторинг жасайтын ғылыми кеңес беруші орган ашылмаған. Білім және ғылым министрлігі жанында жүздеген акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктер қызмет етіп жатыр. Тек заңнаманы зерттейтін ұйым жоқ. Осының салдарынан білім және ғылым саласында өрескел құқық бұзушылықтар орын алғанын білеміз. Айтылғанға дәлел ретінде келесідей мәліметтерге көз жүгіртейік. Қазақстан Республикасының бұрынғы Әділет министрі Р. Түсіпбековтің мәлімдеуінше, 2010 жылдың 5 ай аралығында Әділет министрлігінің қызметкерлері орталық мемлекеттік органдардың 320 нормативтік-құқықтық актілерін қолданыстағы заңнамаға қайшы келеді деп тауыпты. Соның ішінде ҚР Білім және ғылым министрлігінің № 121 бұйрығы, Денсаулық сақтау министрлігінің № 146 бұйрығы қолданыстағы заңнаманы бұзды деп танылған. Соңғы төрт жылдың ішінде ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан 80 нормативтік-құқықтық акті мемлекеттік тіркеуден өтпей тәжірибеде қолданыста болған [4]. Яғни біздің талқылап отырған мәселеміз шынайы өмірден алынған және нақты дәлелдері бар.

Бүгінгі таңда жоғары білім саласындағы қолданыстағы заңнаманың олқылықтар мен қарама-қайшылықтарға толы болуының нәтижесінде жоғары білім алып шыққан мыңдаған түлектер жұмысқа орналаса алмай, дипломы бар жұмыссыздардың қатарын толтыруда. Білім және ғылым министрлігінің ресми мәліметтеріне сүйенетін болсақ, 2011 жылы елімізде 148 жоғары оқу орны қызмет етіп, 620442 студент білім алды. Соның ішінде 140533 студент мемлекеттік грант бойынша білім алған екен [5]. Ал енді бір студенттің бір жылдық шығыны орташа есеппен санағанда 500 000 теңгені құрайтындығын ескерсек, мемлекеттен бөлінетін қаржының бір жылдық шығыны 70 млрд теңгені құрайтындығын байқаймыз. Сондай-ақ мұнда жоғары білім саласындағы негізгі құралдарды ұстау мен жөндеуге, оқу-әдістемелік құралдар алуға, оқытушы-профессорлық құрамның әлеуметтік жағдайына және өзге де мақсаттарға жұмсалатын шығындарды қоссақ, бұл сома анағұрлым көбейеді.

Ендігі кезде мемлекеттік грантта оқитын студенттердің қаншасы жұмыспен қамтылып жатыр, қазынадан бөлінген миллиардтаған шығыннан мемлекетке қандай пайда бар деген сұрақ туындайды. Мемлекеттің қаржысы дегенде, оның көлемі мен қалай жұмсалып жатқандығына халық аса көңіл бөле бермейді. Бірақ бұл қаржы сол халықтың салықтарынан жиналатыны және бұл шығындардың сұрауы болу керектігі туралы мәселе көпшілікті толғандырмайды. Мұнда тек мемлекеттік грантпен оқып жатқан студенттер туралы ғана әңгіме болып отыр және ақылы бөлімде оқитын 500 мыңға жуық студенттің болашағы айтылып отырған жоқ. Ол 500 мың студент жоғарыда айтылған орта және кіші буындағы халықтың өкілдері және бұлардың көпшілігі сырттай білім алады. Ал сырттай білім алудың қандай деңгейде жүзеге асырылып жатқандығы барлығына мәлім. Мұны жоғары оқу орындары, әсіресе жеке меншік жоғары оқу орындары тарапынан жасалып отырған алаяқтық десек, еш қателеспейміз.

Ақылы түрде жоғары білім берудің қоғам мен мемлекет үшін зиянды екендігін айтар болсақ, жеке меншік оқу орындарының өкілдері «әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінің барлығында жеке меншік және ақылы білім кең тараған» деген уәж айтады. Ақылы білім беруден мемлекет қазынасына үлкен қаражат түсетінін алға тартады. Әлемдік деңгейде өзінің жоғары білім жүйесімен әйгілі болған елдер білімді сатудан үлкен ақша жасайтыны рас, бірақ олар оны шетелдік азаматтарға сатады. Шетелдік жоғары оқу орындары сыртқа сататын ақылы білімнің сапасына аса көңіл бөлмейді. Мұнда білім нарығындағы экспорт көлемі басты орында тұрады. Статистикалық мәліметтерге сүйенетін болсақ, шетелдік азаматтарға білім беретін ең ірі елдерге мыналар кіреді: АҚШ — 580 мың, Ұлыбритания — 233 мың, Германия — 200 мың, Франция — 160 мың, Австралия — 157 мың, Қытай — 141 мың, Испания — 124 мың адам. Ресей 8-ші орында екен. Бұл көрсеткіш Ресей елінің мүмкіндіктерін ескеретін болсақ, өте аз. Сондықтан да Ресей Үкіметі 2010-2020 жылдар аралығына білім қызметін экспорттауға қатысты арнайы бағдарлама қабылдап, әлемдік деңгейде лайықты орынды иелену мақсатында ауқымды жұмыстар жүргізуде. Ал Қазақстан халқы — ТМД елдерінің ішінде Ресейдің білім нарығында ірі тұтынушыларының бірі. ЕурАзЭҚ шеңберінде білім нарығы үшін Ресейдің Қазақстанмен әріптестік орнатып, ашық нарыққа түсуінің себептерінің бірі осында.

Көріп отырғанымыздай, ақылы білім беру тек шетелдік азаматтарға берілгенде ғана мемлекет тарапынан қолдау табады. Ал Қазақстанда басым көпшілік жағдайда сапасы нашар ақылы жоғары білім өз еліміздің азаматтарына берілуде. Яғни, сапасыз білімді сатудан өзінің жүз мыңдаған азаматтарын теріс дами капиталдың қорына айналдырып жатыр. Сапасы нашар білім алған ол азаматтар өз жұмысын білмей, мемлекет пен қоғамның қажетіне жарамай отыр. Мамандарың пікірінше, дәл сол дипломы бар теріс адами капитал, біріншіден, өз кәсібін білмегендіктен, міндетін атқара алмай, жақсы мамандарың орнын алып отыр, екіншіден, қолынан келетін қоғам үшін пайдалы төменгі сатыдағы жұмыстарға да бармайды.

Жоғарыда айтып кеткендей, ақылы білім беру, әсіресе жеке меншік оқу орындарындағы жаппай сырттай диплом беру теріс адами капиталдың қалыптасуына негіз болып отыр. Теріс адами капиталға, сонымен қатар білімі мен біліктілігі нашар, жалқау, маскүнем, нашақор адамдарды да жатқызуға болады. Бірақ соның ішінде элитаға еніп кеткен теріс адами капитал аса қауіпті болып табылады. Бұл мәселеге қатысты өз заманында белгілі классиктері Д. Тойнби және М. Вебер былай деген екен: «Халықтың элитасы — оның даму бағытын анықтаушы, яғни алға жылжуының, сондай-ақ тоқтап тұру немесе артқа кетуінің де басты факторы».

Адами капиталды қалыптастыруға инвестиция салудың ішінде тиімді элитаны қалыптастыруға инвестиция салу маңызды болып табылады. Ресейдің белгілі ғалымы Г.К. Ашин өз еңбектерінде шынайы элитаны қалыптастыру қажеттігі туралы және жалған элита қоғам мен билікті деградацияға ұшырататындығы жөнінде негіздеп айтып кеткендігі де ғылыми ортаға мәлім [6].

Жоғары білімді ақылы түрде сырттай бергеннен көрі бермеген мемлекеттің болашағы үшін тиімді. Жоғары білім деген білікті маман болудың өлшемі емес. Мәселен, әлемнің ең дамыған

елдердің бірі Швейцарияда халықтың 15 %-ы ғана жоғары білім алады екен. Қалған халық кәсіпкерлік және басқа да қызмет түрімен айналысып, тіршілігін жасап жүр. Ал біздің қазақтардың бір басында 2-3 дипломнан бар және соның біреуі де оның өміріне және мемлекет үшін де қажет болып жатқан жоқ.

Ұлы ойшылдардың элитаға қатысты сөздері маңыздылығын жоғалтар емес. Біздің жағдайда басқарушы және билік етуші элита болашақ үшін қауіпті жолмен қалыптасуда. Мұндай жағдай тек біздің елге емес, ТМД елдерінің басым көпшілігіне тән деп айтуға болады. Теорияда мұндай жағдайды өтпелі мемлекетке тән құбылыс деп ақталуға тырысамыз. Алайда жалған элитаның билік басына кедергісіз шығуы бүгінгі күні де тоқтайтын емес.

Түптеп келгенде, ақылы білім беру біздің елге пайдасынан гөрі, зияны көп екендігін байқаймыз. Ақылы білім беру интеллектуалдық қабілеті жоқ адамдардың жоғары білім алуына негіз болып отыр. Бұл өте қауіпті жағдай. Жоғарыда айтқанымыздай, ақылы білім тек білім қызметін экспортқа шығаратын елдерге ғана тиімді. Ол елдер өз еліне маман дайындап жатпағандығын білгендіктен, ақылы білімді сапасыз болса да шетелдіктер сатуды жоғарылатуда.

Жалпы алғанда, білім жүйесінің мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуына негіз болып табылатын, заман талабына сай интеллектуалдық әлеуетті қалыптастырушы күш екендігін білгеніміз абзал. Білім жүйесі еңбек нарығында бәсекеге төзімді маман қалыптастыратын жоғары кәсіби білім беруді қамтамасыз етуі тиіс.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз (2011 жылғы 2 ақпандағы берілген өзгерістер мен толықтыруларымен). — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://ug.zanmedia.kz/index>. 16.06.2010 г.
- 2 Қазақстан: мемлекеттік кезеңдері. Конституциялық актілер / Құраст. Ж.Бәйішев. — Алматы: Жеті жарғы, 1997. — 28-б.
- 3 Корчагин Ю.А. Модернизация экономики России невозможна без изменения парадигмы развития и модернизации человеческого капитала. — [ЭР]. Режим доступа: <http://2020strategy.ru/data/2012/01/17/121457339>
- 4 Тусупбеков Р.Т. О ходе реализации Концепции правовой политики РК. — [ЭР]. Режим доступа: <http://ug.zanmedia.kz/index>. 16.06.2010 г.
- 5 Мониторинг деятельности вузов. Официальный сайт МОН РК. — [ЭР]. Режим доступа: <http://www.edu.gov.kz/ru>
- 6 Ашин Г.К. Элитное образование // Общественные науки и современность. — 2005. — № 5. — С. 28.

Б.О.Алтынбасов

Организационно-правовые вопросы платного образования в Республике Казахстан

В статье дается характеристика системы образования Республики Казахстан, а также рассматриваются особенности различных уровней образования. Анализируются положительные и отрицательные моменты платного образования. Приводится анализ развития платного образования в РК. Рассматривается роль платного образования в формировании национального человеческого капитала. Исследуются категории «элита общества и государства» и «человеческий потенциал». Определяется уровень правового закрепления платного образования и выявлены пробелы законодательства. По результатам исследования автором сделаны научно обоснованные предложения.

B.O.Altynbasov

Organizational and legal issues of commercial education in the Republic of Kazakhstan

This article describes the educational system of the Republic of Kazakhstan, as well as the features of the different levels of education. Considers positive and negative aspects of commercial education in relation to society and the state. A comparative analysis of the development of commercial education. Examines the role of education in shaping pay national human capital. The category of the elite of society and the state, and human potential. Determine the level of legal consolidation of free education and identified gaps in legislation. According to the survey rendered science-based proposals.

References

- 1 *Constitution of the Republic of Kazakhstan in 1995 August 30 (as amended and supplemented by 2, February, 2011)*, [ER]. Access mode: <http://ug.zanmedia.kz/index>. 16.06.2010
- 2 *Kazakhstan: periods of statehood. Constitutional acts* / Compiled by Zh. Bayeshev, Almaty: Zheti zhargy, 1997, p. 28.
- 3 Korchagyn Yu.A. *Modernization of the Russian economy is not possible without changing the paradigm of development and upgrading of human capital*, [ER]. Access mode: <http://2020strategy.ru/data/2012/01/17/1214557339>
- 4 Tusupbekov R.T. *On the implementation of the Concept of Legal Policy of Kazakhstan*, [ER]. Access mode: <http://ug.zanmedia.kz/index>. 16.06.2010
- 5 *Monitoring the activities of universities. Official site of the MES* // [ER]. Access mode: <http://www.edu.gov.kz/ru>
- 6 Ashin G.K. *Social Sciences and Modernity*, 2005, 5, p. 28.

Репозиторий Қарғу